

Жәк Лондон

АРЛАННЫҢ ҰРПАҒЫ

Повесть

Балаларға арнап бейімдеген Жасарал Назерке

Астана-кітап баспасы
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.111-93

КБЖ 84 (4 Вел)

Л 72

Жәк Лондон

Л 72 Арланның ұрпағы: Повесттің бейімделген нұсқасы: - Алматы: Астана-кітап, 2021. - 30 б.

ISBN 978-601-7595-47-0

Үлкен мекенжайда тіршілік етіп жатқан Бәк атты итті жайлы қонысынан ұрлап кетеді. Солтүстік Канаданың суық ауа райында басқа иттермен бір қатарда жүріп адамдар мен жүк тасуға тура келген Бәк жаңа қырынан ашыла бастайды. Түрлі адамның иелігінде болып, олардың итке деген қарым-қатынасынан өмірдің қандай екенін үйренеді. Аязды мекенде сағы сынбай, нағыз тағы болып шығуына ата-бабасының қаны мен рухы жігерлендіріп, нағыз арлан екенін табиғатқа дәлелдейді.

Адам мен иттің достығы, қатардағы әрбір иттің қайсарлығы мен жабайы табиғаттың заңдары оқырманды алғашқы беттен-ақ қызықтырады.

ӘӨЖ 821.111-93

КБЖ 84 (4 Вел)



Жәк Лондон өз елінің ең атақты жазушысы болмай тұрып, түрлі оқиғаны бастан кешірген. Оның өмірі мен жазушылық жолы құдды бір кітап желісі дерсің.

Жәк Лондон 1876 жылы 12 ақпанда Сан-

Франциско қаласында дүниеге келген. Жастайынан таршылық көріп өскен Жәк отбасына қаржылай көмектесу үшін қара жұмыс істеп бастайды. Сондай жұмыстардың бірі Жапон аралдарына барып кит аулау еді. Бұл сапар кейін теңіз жайлы әңгімелерінің негізі болатындай Жәкке жарқын әсер қалдырды. Бір кездері Аляскаға алтын іздеуге аттанады. Алайда сапары сәтсіз аяқталып, Жәк өз үйіне оралады. Бұл жолы жазушы өмірінде болған оқиғалар мен жабайы табиғаттан алған әсерін қағаз бетіне түсіріп, әңгімелер жаза бастайды. Оның қаламынан “Арлан ұрпағы”, “Ақ азу”, “Мартен Иден” және “Уақыт күтуде” секілді үздік туындылар жарық көрген.

Жәк Лондонның кітаптары – адамның қиын кезде берілмей, қажымай, өмірін тек өзі ғана өзгерте алатыны жайында. Жазушының әңгімелеріндегі шынайы суреттер мен шытырман оқиғалар оқырманның қызығушылығын арттырады.

Кейіпкерлер



Бэк



Миллер қазы



Джон Торнто



Шниц



Франсуа



Перро

АРЛАНЫҢ ҰРПАҒЫ



Солтүстікте адамдар ұзақ сапарға жарамды иттерге жүгін тиеп, алтын іздеуге аттанып жатты. Бұл сапарға ірі, жүні қалың, ауыр жұмысқа шыдамды иттер қажет. Сол бір аласапыран уақытта Миллер қазының үйіндегі асыл тұқымды сенбернар-овчаркаға ұрылардың көзі түсті.

Бәк Миллер қазының иелігіндегі зәулім үйде тұратын. Ит қазының балаларымен аңға шығып, хауызда шомылатын. Немерелерімен балаша ойнап, қыздарын қараңғыда қорғап жүреді, кеш бата Миллер қазының аяқ жағында жатып демалатын. Иесінің ең адал досы ретінде үйдегі мәртебесі жоғары еді. Үйдегі басқа иттер бір төбе, Бәк бір төбе болатын.

Бәк те нағыз ақсүйек ит секілді өмір сүретінін білетін. Үйдің айналасындағы майда шабақ иттермен арпалыспай, ең жақсы сүйекті мұжып жеп, үнемі өзін кербез ұстайтын.

Бір күні үйдің қызметшісі Мануел Бәкті сатып, көп ақша тапсам деген ойға келді. Бірден өзінің серігіне хабарласып, Бәкті артқы есіктен алып шықты. Ит те өзі күнде көріп жүрген үйдің адамына сеніп, соңынан ере берді. Бірақ мойнындағы қарғыбауды бөтен адам алғанда, бір қауіп төнгенін түсінді. Бірден арс етіп, азу тістерін ақситып ырылдай кетті. Бөтен адам иттің қарсыласқанына қарамастан, бірден оны торға салып алды.

Бәк жүк таситын пойызбен бірнеше күн жүріп, Сиэтл қаласына келді. Бұл жерде итті қалың қызыл жемпір киген ірі денелі еркек күтіп алды. Жол бойы Бәкті бірнеше арқанға байлап отырды. Оның қарғыбау қиып тастаған

